Сыр бойы

№129 (20203)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

24 тамыз, сейсенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯСЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бейнебайланыс арқылы өткен Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына қатысты.

Мемлекеттер басшылары Ауғанстандағы жағдай және оның Ұйымға мүше мемлекеттердің қауіпсіздігіне тигізер әсері туралы пікір алмасты. Сондай-ақ Орталық Азия аймағындағы сын-қатерлердің алдын алуға бағытталған іс-қимылдарды талқылады.

Қазақстан Президенті өз сөзінде барлық сын-қатерлерді, соның ішінде терроризм мен экстремизмнің таралуы, қару-жарақ пен есірткінің заңсыз саудасының артуы, заңсыз көші-қон, босқындардың жаппай қозғалысы, аймаққа деструктивті элементтердің енуі секілді мәселелерді кешенді түрде қарастыру керек екеніне назар аударды.

Осыған байланысты Қасым-Жомарт Тоқаев ұжымдық қауіпсіздік жүйесін нығайтуға және Ұйымның шұғыл әрекет етуіне бағытталған бірқатар ұсыныс айтты.

Мемлекет басшысы Ауғанстандағы гуманитарлық және азық-түлік дағдарысының алдын алу аса маңызды екенін де атап өтті.

ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясы биыл 16 қыркүйекте Душанбе қаласында өтеді.

ПРЕЗИДЕНТ

АЛМАТЫ АЖАРЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматыдағы жұмыс сапары қаланы абаттандыруға бағытталған жобалармен танысудан басталды. Бақытжан Сағынтаев Мемлекет басшысына қаланың полиорталық моделін қалыптастыруды көздейтін «Жаңа Алматы» бағдарламасы туралы баяндады. Бұл жоба қала тұрғындары үшін өмір сүруге қолайлы жағдай жасап, олардың еркін демалуына жаңа қоғамдық кеңістіктер құруға бағытталған.

Мемлекет басшысы әкімнің есебін тыңдағаннан кейін барлық жобалар қалада қауіпсіз орта қалыптастырып, шаһардағы өсімдіктер қорын сақтап қалуға бағытталуы қажет екенін атап өтті. Президент құрылып жатқан жаңа саябақтар жергілікті тұрғындардың демалысына ыңғайлы болуы керек деп есептейді.

Қасым-Жомарт Тоқаев жалпы қалада жүргізіліп жатқан жұмыстарға оң баға берді. Қала басшысына әр ауданда тұрғындардың демалысы мен еркін жүріп-тұруына қолайлы заманауи алаңқайлар салуға көңіл бөлуді тапсырды.

ӘЛІБЕК ДІНІШЕВ – «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК ЕРІ»

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев халық артисі Әлібек Дінішевті «Қазақстанның Еңбек Ері» атағымен марапаттады.

Мемлекет басшысы мәдениет майталманын мерейтойымен құттықтап, өнерге сіңірген еңбегін жоғары бағалады. Әлібек Дінішевтің жарты ғасырға жуық атқарған қызметіне ризашылығын білдірді.

– Қазақтың маңдайына біткен ең дарынды тұлғаларымыздың бірісіз. Бәріміз сізді мақтан тұтамыз. Қазақстанда да, шет мемлекеттерде де өзіңізді білмейтін адам жоқ. Әлемдік деңгейде сіздің өнеріңізді бәрі жоғары бағалайды. Педагог ретінде де, қоғамдық жұмыстарда да белсендісіз. Тәуелсіз еліміздің дамуына сіңірген еңбегіңіз орасан. Осы қызметіңізді ескере отырып, Отандық мәдениетті дамыту мен музыка өнерін дәріптеудегі айрықша еңбегіңіз үшін жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі – «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы шешім қабылданды. Мен оны лайықты шешім деп есептеймін, – деді Қазақстан Президенті.

Әлібек Дінішев Мемлекет басшысына еңбегін бағалап, құрмет көрсеткені үшін алғысын білдірді.

– Менің шығармашылығымды бағалап, көрсетіп жатқан құрметіңіз үшін алғыс айтамын. Өзіңіз айтқандай, еліміздің де, шет мемлекеттердің де сахнасында өнер көрсетіп келе жатқаныма 45 жыл болған екен. 70 жас мерейтойыма жоғары дәрежелі «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беріп жатырсыздар. Шексіз ризашылығымды білдіремін, – деді Әлібек Дінішев.

Қасым-Жомарт Тоқаев қабылдау соңында Әлібек Дінішевке денсаулық, қәсіби және қоғамдық жұмысына табыс тіледі.

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Рухани өрлеу өзегі

Тәуелсіз еліміздің рухани байлығын арттырып, асыл мұраларымызды жарқырата көрсетіп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуде, төл өнеріміздің халықаралық деңгей дәрежесінде танытуда мәдениет пен өнер саласы өкілдерінің еңбегі ерекше. Тәуелсіздік алған жылдардан бері Сыр мәдениеті мен өнері де кең құлаш жайды. Мәдениет мекемелері де мейлінше жаңа келбетке еніп, өркендеді. Облыс бойынша типтік жобадағы 31 клуб, 6 музей, 1 кітапхана, 1 мемлекеттік архив құрылысы салынып, пайдалануға берілді. Облыстық филармония жанынан Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі, «Ақмешіт» фольклорлық, «Сыр самалы» вокалды-аспапты ансамбльдері, камералық оркестр, т.б. кәсіби өнер ұжымдары құрылып, олар бүгінде өз өнерімен аймағымызға ғана емес, шетелдерге де танылып үлгерді.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы»

Сонымен қатар, өңіріміздегі мәдени құндылықтарды зерттеп, зерделеу мақсатында ежелгі өркениет ошақтары саналатын сақтардың орталығы Бәбіш мола, оғыздардың ордасы Жанкент және қыпшақ, қазақ хандықтарының астанасы болған Сығанақ қалашықтарында археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп келеді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында тарихи-мәдени мұраларымызды сақтау, қорғау, пайдалану мақсатындағы қазба жұмыстары мұнан әрі де жалғасын табады.

1991-2020 жылдары 38 тарих және мәдениет ескерткіші қайта жаңғыртудан өткізіліп, 109 монументті өнердің жаңа құрылыстары орнатылды.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, сырбойылық өнер ұжымдары ұлт өнерін әлемдік сахнаға алып шықты. 2001 жылы құрылған «Томирис» би ансамблі АҚШ-тың Нью-Йорк, Вашингтон, Біріккен Араб Әмірліктерінің Абу-Даби, Ресейдің Қазан, Өзбекстанның Ташкент, Шырышық, қалаларында өткен фестивальдерде өнер көрсетіп, қазақ би өнерін насихаттады.

2007 жылы ақын Тұрмағамбет Ізтілеуұлының 125 жылдығына орай облыстық филармония жанынан Тұрмағамбет атындағы халық аспаптар оркестрі құрылды. Осы мерейтойға орай республикалық жыраулар сайысы мен ақындар мүшәйрасы өткізілді. Санамалай берсек, Сыр мәдениетінің тәуелсіздік жылдарындағы атқарған толайым істері баршылық, игі шаралары мол.

4-бет

ДЕНСАУЛЫҚ

МӘМС: Ұсынылған мүмкіндік ұғынықты ма?

Елімізде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (МӘМС) енгізілгелі оң өзгеріс байқалады. Тұрғындар ақылы медициналық көмекті тегін ала алады, емхананы, дәрігерді таңдау құқығына ие. Сақтандыру қоры арқылы жеке клиникаларға тексерілуге мүмкіндік бар. Алайда, өңірде жүйенің толыққанды жүзеге асуына кедергі келтіріп отырған мәселе жоқ емес. Ол – сақтандырылмаған азаматтардың үлес салмағының әлі де жоғары болуы. Деректерге сүйенсек, облыста 800 мың тұрғынның тек 654 мыңы ғана сақтандыру мәртебесіне ие. Бұл 82,2 процентті құрайды. Оның үстіне әлеуметтік желіде де сақтандыру төңірегінде сауал толастаған емес.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Басты сұрақ дәрігерге алдын ала жазылуға қатысты. Тұрғындар тарапынан «Дәрігерге қалай жазылсам болады? Енді не істеуім керек?» деген сауал көп. Бұл ретте мамандар консультациялық-диагностикалық қызметтерді күту уақыты 10 күнтізбелік күннен аспайтынын еске салды. Мұндай жағдай орын алса, бұл келісімшарт талаптарын бұзуға жатады және айыппұлға дейін әкеп соғады. Енді көптің көкейінде жүрген «Уақытылы медициналық көмек алу үшін не істеу керек және өз құқығымды қалай қорғаймын?» деген сұрақтарға тоқталсақ. Егер емхана қажетті қызметті уақытылы көрсете алмаса, сіз оны бірлесіп орындау шарты бойынша басқа клиникада алуға құқығыңыз бар. Жолдама ақпараттық жүйеде немесе қағаз түрінде учаскелік дәрігермен беріледі.

3-бет

ЕКПЕ АЛ!

Сақтық баршаға ортақ

23 тамыздағы мәліметке сүйенсек, өңірде коронавирус инфекциясымен 124 жағдай тіркелген. Жазылып шыққандар саны 150-ге жетті. Жақында 500 орынға лайықталған «Сейхун» стационарынан соңғы науқас үйіне шығарылды.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ, «Сыр бойы»

Эпидахуал ушыққанда бұл стационар қайта жасақталып, індетпен күресте белсенді жұмыс атқарған болатын. Ол 30 шілде күні ашылып, 16 тамыз күні соңғы науқастың үйіне оралуына септігін тигізді. Облыстық психикалық денсаулық орталығы директорының орынбасары Аман Тұрсынов мұнда екі аптадан астам уақытта коронавирус індетіне шалдыққан 200-ге жуық науқасқа ем-дом көрсетілгенін хабарлады.

– Биыл коронавирус жастардан көп анықталуда. Әсіресе, екпе салдырмаған жерлестер ауыр жағдайда орталыққа жеткізілді. Облыстық психикалық денсаулық орталығының 70 қызметкері стационар жұмысына жұмылып, әрбір науқастың сауығып кетуіне күш салды. Коронавирус басқа вирустарға қарағанда азулы. Мәселен, осы уақытқа дейін ғалымдар таралған вирустың барлығын ғылыми жолмен тоқтатқан. Сондықтан екпе ұжымдық имунитетті қалыптастырады деуге негіз айтарлықтай. «Үрей – дерттің жартысы, сабыр – емнің жартысы, төзім – сауығудың басы» деген ғалым Ибн Сина. Сабыр мен сақтықты, төзім мен тәртіпті серік етсек және әлем елдерінің тәжірибесіне сүйенсек, бұл күн артта қалады, – дейді ол.

А.Тұрсынов айтқандай, індетпен күресте әрбір медицина қызметкері белсенді. Мәселен, №3 қалалық емхана мамандарынан жасақталған 6 мобильді топ та инфекция жұқтырған науқастарды көрсеткішіне қарай провизорлық және карантиндік стационарларға тасымалдау және үй жағдайында амбулаторлы ем тағайындауды жүйелі жүргізіп жатыр. Емхананың инфекционист дәрігері Лаура Мүсірепова індетпен күрес оңайға соқпай тұрғанын және қазір емханада таңғы сағат 8:00-ден 22:00-ге дейін жоспарлы вакцина салдыру жалғасып жатқанын алға тартты.

Бұл орайда сандарды сөйлетсек, 1 ақпаннан бастап екпенің алғашқы 1000 дозасы өңірге жеткізіліп, алғашқы кезеңде ол медицина саласының қызметкерлеріне, педагогтар мен полиция қызметкерлеріне салынған еді. «Бүгінде екпенің I компонентін 251454 адам қабылдаған, II компонент 197292 тұрғынға егілді» деген мәліметпен бөлісті облыстық денсаулық сақтау басқармасы.

ЖАҢА НЫСАН

Күре жолдағы «Керуен»

Қармақшы ауданында жаңа нысан ашылды. «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің бойында орналасқан «Керуен» кешені жолаушыларға қызмет көрсетуді бастап кетті. Кешенді кәсіпкер Ғалымжан Кенжебаев «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының қолдауымен ашқан.

Ержан ҚОЖАСОВ, «Сыр бойы»

Төретам кентіне жақын орналасқан «С» санатындағы кешен ішінде барлығы қарастырылған. Дүкен мен асхана, қонақ үй мен көлік тұрағы бар. Бұған қосымша ірі жүк көліктерін жөндейтін орын да жұмыс істеп тұр.

– Корпорация тарапынан түрлі саладағы кәсіпкерлік нысандарын ашуға қолдау көп. Соның бірі – осы «Керуен» кешені. «Байқоңыр» ӘКК» АҚ жеке кәсіпкерге 48 млн 490 мың теңге қаржылай қолдау көрсетті. Бұл қаржы жол бойындағы сервистік қызметті ұйымдастыруға қажетті жабдықтарды сатып алуға жұмсалды. Жобаның артықшылығы – жүк көліктеріне техникалық қызмет көрсету мүмкіндігінде. Мұнда жүк көлігінің жүргізушілерімен қатар, жеңіл автокөліктер мен осы жолмен өтетін автобустардың жолаушыларына қызмет көрсетеді, – дейді «Байқоңыр «ӘКК» АҚ жобаларды талдау және іске асыру басқармасының басшысы Жеңісбек Ахметов.

Бүгінде 11 адамды тұрақты жұмысқа қабылдаған кәсіпкер өз қалтасынан қосымша 51 млн теңгеден астам қаржы шығарған. Жалпы сомасы 99 млн теңгені құрайтын жобаны иесі әлі де үлкейтпекші.

– Бір мезгілде 60 адамға дейін қабылдайтын қонақ үй, вулканизация, автокөлік жуу, техникалық қызмет көрсетумен қатар, асхана тағамдарының сапасына дейін мән береміз. Орталықты «А» санатына өткізген жағдайда қызметкерлер саны да өседі. Әрі жергілікті жердің тұрғындарын ғана жұмысқа қабылдаймыз. Екіншіден, кәсіпкерлікке қолдау жағынан жергілікті орындар ерекше атсалысты. Әсіресе, корпорация тарапынан құжаттарды реттеу, кеңес беруде еш кедергі жоқ, – дейді кәсіпкер.

Айта кетсек, Қармақшы ауданы арқылы «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автожолының 151 шақырымы өтеді. Осы аралықта 10 түрлі санаттағы жол бойы қызмет көрсету орталығы жұмыс істеп тұр. Олардың ішінде биыл қосылған жаңа кешендер – «Керуен» мен «Маргарита» сервистік орталығы да бар. Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы Еркебұлан Әбдікеровтың айтуынша, мұндай нысандар өңірдегі туристік инфрақұрылымның дамуына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына оң әсерін тигізіп отыр.

Сенат депутатының сапары

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы жұмыс сапарымен Қазалы ауданында да болды.

Облыстық, аудандық мәслихат депутаттары мен құрылысшылар қатысқан жиынға аудан әкімі Мұхтар Оразбаев төрағалық етті.

Кездесуде Сенатор Парламентте атқарылып жатқан жұмыстар мен мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысын баяндады. Облыстық мәслихат депутаты Ібайдулла Тілеп ауданда балабақшаларды жан басына қаржыландыруға байланысты көптеген мәселе бар екендігін айтты. Мұнан соң ол халық қалаулысына көпшілікті мазалап жүрген түйткілді сұрақты қойды.

– Мемлекеттік әлеуметтік медициналық сақтандыруға ай сайын қаржы аударып отырған аудандағы мекемелердің қызметкерлері неліктен жыл сайын өтетін медициналық тексеруге қалтасынан қаржы төлейді? Бұл қызмет түрі ақылы болатын болса, ай сайын не үшін айлығының бір бөлігін аударып отыр? – деді облыстық мәслихат депутаты.

Сондай-ақ, облыстық мәслихат депутаты, «Сыр маржаны» ЖШС директоры Мнажадин Өтеев баға тұрақтылығы мен мемлекеттік сатып алудың кейбір мәселелерін көтерді.

Басқосуға қатысқан «Намыс құрылыс» ЖШС директоры Әбдімәлік Өтеулі, «Жылу XXI» ЖШС директоры Көпжан Бижанов, «Қазалы Строй Сервис» ЖШС директоры Әділбек Сарабеков мемлекеттің сатып алу конкурсындағы кейбір кемшіліктер туралы айтты. Олардың айтуынша, мемлекеттік сатып алу конкурсының жеңімпазы болып базбір құрал-жабдығы жоқ мекемелер танылып жатады. Сондай-ақ, көп жағдайда кейбір құрылыс мекемелері жеңімпаз атану үшін бағаны 40-50 процентке дейін түсіріп жібереді. Мұндай жағдайда құрылыс нысанының сапасы болмайтыны белгілі. Құрылыс мекемелерінің басшылары Сенат депутатынан осы мәселелерді шешуге көмектесіп, Үкімет тарапынан қолдау көрсетілуін сұрады. Мұрат Бақтиярұлы көтерілген мәселелердің маңызды екенін жеткізіп, ұсыныс-пікірлердің барлығын тиісті орындарға жеткізетінін айтты.

Сенат депутаты Әйтеке би кентінде салынып жатқан Жалаңтөс батыр ескерткіші мен «Аймақаш» шағын ауданында құрылысы жүріп жатқан арендалық тұрғын үйлердің құрылысымен танысты. Сондай-ақ, Сырдария өзенінің «Қарлаң» учаскесіндегі қалқымалы көпірге барды. Мұнда аудан әкімі Мұхтар Оразбаев осы маңнан салынатын темір-бетон көпірінің жобасметалық жобасы дайындалып, сараптамадан өткізілгендігін жеткізді. Көпір құрылысын салу үшін 4,4 млрд теңге қаржы қажет.

Сенатордың аталған ауданда «Жалаңтөс батыр» ЖШС егін алқабына да аялдады.

Серіктестік директоры Қасқырбай Әлімбай, «Сыр маржаны» ЖШС директоры Мнажадин Өтеев, «Кіші Абай» шаруа қожалығының жетекшісі Әнес Дидаров егін және мал шаруашылығын дамыту жөніндегі ұсыныс-пікірлерін білдірді.

Айта кетейік, Парламент Сенатының депутаты Мұрат Бақтиярұлы бұған дейін жұмыс сапарымен Арал ауданында болып, қаладағы мектептердің жаңа оқу жылына дайындығымен танысып, ауылдық округтерде тұрғындармен жүздесті.

«СБ» ақпарат

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

БІЛІМ БИІГІН БАҒЫНДЫРДЫ

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Түркияда өткен онлайн форматтағы Халықаралық олимпиада жүлдегері Ерасыл Сапарбековпен кездесті. Озат оқушы осы айда география пәнінен халықаралық білім байқауына қатысып, қола жүлдегер атанған еді.

Кездесуде аймақ басшысы Сыр елі үшін тамыз айы жемісті болғанын, Токио Олимпиадасында жерлесіміз Қамшыбек Қоңқабаев қола жүлде иеленсе, білім бәйгесінде Ерасылдың олжалы оралғанын ерекше атап өтті.

– Ең алдымен өзіңді онлайн форматта өткен Түркия жеріндегі жарқын жеңісіңмен шын жүректен құттықтаймын. Әлем елдерінен 160-тан астам дарынды жас қатысқан білім додасында жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығып, қола медаль иелену, шын мәнінде, үлкен жетістік. Бұл – сенің талай жылдардан бергі талмай ізденгеніңнің нәтижесі, ата-анаң мен ұстаздарыңның ортақ жемісі. Бұл жүлдең біз үшін алтынмен тең. Білім көгінде жұлдызың биіктен жарқырай берсін деген тілегімді білдіремін, – деді облыс әкімі.

Өз кезегінде №9 Білім-инновация лицейінің 10-сынып оқушысы Ерасыл Сапарбеков 46 елдің талантты жастары қатысқан байқаудың қалай өткенін, осы бағыттағы ұсынысын жеткізді. Ол үш кезеңнен тұратын күрделі сынақты ағылшын тілінде тапсырған. Н.Ілиясов ауылының тумасы лицейге қабылданғаннан кейін, географияға ерекше ден қояды әрі оның терең білім алуына ұстазының да ықпалы мол болған. Айта кету керек, ол осы кезеңге дейін халықаралық Әл-Фараби атындағы география пәнінен өткен онлайн олимпиадада алтын медаль иеленіп, облыстық, қалалық пәндік олимпиада жеңімпазы атанған.

Жүздесуде облыс басшысы Ерасыл Сапарбековке аймақ абыройын асырып, білім додасында алға шыққаны үшін арнайы естелік сыйлықты табыс етті. Жас өрен сенім білдіріп, қолдау көрсеткен Сыр жұртшылығына алғысын айтып, білім сынында бұдан да биік шыңдарды бағындыратынына уәде етті.

«СБ» ақпарат

НАРЫҚТЫ СҰРАНЫС РЕТТЕЙДІ ДЕСЕК ТЕ...

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевтың тұрақтандыру қоры мен баға мониторингі бойынша есебін тыңдады.

Жыл басынан бері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішінде 15 түрлі өнімнің бағасы жоғарылап, 3 өнімнің бағасы төмендеген.

Басқарма басшысының айтуынша, күнбағыс майы мен қант бағасының өсуі әлемдік нарықтағы сұраныстың жоғарылауынан туындады. Ал, қарақұмық жармасының қымбаттауы сол өнімді өндіруші солтүстік өңірлердегі түсімнің төмен болуынан, сондай-ақ көршілес Ресейде де өнім бітік шықпай қалған. Ал, рожки бағасының өсуі бидай экспортының ұлғаюы және оның қымбаттауына байланысты. Сонымен қатар, картоп, сәбіз, қырыққабат, пияз нарқында да маусымаралық кезенде өсім бар. Мұндай жағдай республиканың барлық аймағына тән құбылыс.

Баға тұрақтылығын сақтау мақсатында Түркістан облысындағы картоп, қырыққабат, сәбіз өсіруші шаруашылықтармен байланыс орнатылып, қазір бұл тауарлардың бағасы қалыпқа келген. Картоп – 140-145, сәбіз – 180-185, пияз – 130-135, қырыққабат 140-145 теңгеден сатылуда.

Бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу үшін облыстың тұрақтандыру қорынан тауарлық интервенциялар жүргізу, сондай-ақ «айналым» схема бойынша бағаны тұрақтандыру механизмі аясында заем беру арқылы шаралар қабылдануда.

Қазіргі таңда тұрақтандыру қорында 190,4 млн теңгені құрайтын 1069,2 тонна өнім бар. Оның ішінде бірінші сортты бидай ұны – 616,5, күріш – 99, қант – 235,4, макарон – 73,3, қарақұмық жармасы – 21,9, сүт – 23,1 тонна.

Бүгінде тұрақтандыру қорының өнімдері мен заем берілген 5 кәсіпкерлік субъектісі арқылы алынып жатқан өнімдер Қызылорда қаласында орналасқан 31 әлеуметтік дүкенде, 1 әлеуметтік маркетте және Қызылорда қаласының 5 ірі супермаркеттерінде сатылуда.

Биыл қосымша 5 әлеуметтік дүкенді пайдалануға беру жоспарланған. Айта кету керек, әлеуметтік дүкендер мен бұрыштарда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары нарықтан біршама төмен бағада сатылуда.

Сондай-ақ, баға тұрақтылығын сақтауда жыл басынан қала және аудандарда 15 жәрмеңке ұйымдастырылған.

Басқарма басшысы өңірде азық-түлік тауарларына баға белгілеудің тізбегі бойынша делдалдық схемаларды тексеру жөніндегі комиссия құру тапсырмасына сәйкес оның құрамын бекіту жобасын келісуге ұсынды.

Тамыз айының алғашқы онкүндігінен бастап астық өндіруші өңірлерде бидай, ұн бағасының қымбаттауы байқалады. Бұл ретте облыс көлемінде наубайхана иелерімен кездесулер ұйымдастырылып, негізсіз баға көтермеу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілуде.

Облыс әкімі азық-түлік бағаларына тұрақты мониторинг жүргізіп, негізсіз баға көтеруге жол бермеу керек екенін қатаң ескертті. Тұрақтандыру қоры жұмысын бақылауға алып, әлеуметтік маңызы бар негізгі азық-түлік тауарларының жеткілікті болуын мұқият қадағалауды тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

Базар бардық, не білдік?

Жаңа оқу жылының басталуына да санаулы күн қалды. Биыл ата-аналарды «Балалар дәстүрлі сабақ оқуға бара ма, мектеп формасы міндетті ме?» деген сауалдар толғандырды. Бұл сұраққа облыстық білім басқармасының басшысы Ақзира Қасымова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте жауап берді. Осылайша, оқушылар жаңа оқу жылында мектепке баратын болды. Ал ата-аналар әзірлікке кірісті.

Sb Сара АДАЙБАЕВА, «Сыр бойы»

Сонымен жаңа оқу жылында оқушыларға мектеп формасы міндетті емес. Балаларға классикалық стильдегі киімді киюге рұқсат етілді. Бұл туралы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов әлеуметтік парақшасында жазды. Ол өзі ата-ана ретінде де, министр ретінде де мектеп формасын киюді қолдайтынын да атап өтті.

«Жаңа оқу жылының басталуы қарсаңында мектеп формасы өзекті болады. Пандемияға дейін мектеп формасын кию міндетті болды. Бірақ өткен жылы барлық жағдайларды ескере отырып, біз оқушыларға мектепке тек мектеп формасында ғана емес, сонымен қатар классикалық стильдегі киімде де келуге мүмкіндік беретін шешім қабылдадық. Қазір еліміздің көптеген аймағында карантиндік шектеу шаралары күшейген. Дүкендер белгілі бір уақытта, кейбір қалаларда жұмыс күндері ғана істейді. Егер ата-аналар балаларға мектеп формасын сатып алу үшін сауда орталықтары мен дүкендерге жаппай баратын болса, онда ұзын-сонар кезек болып, COVID-19 жұқтыру қаупін тудыруы мүмкін екенін білеміз», – деді министр.

Сонымен, жаңа оқу жылының басталуына санаулы күн қалды. Әдеттегідей базар нарқына талдау жасап көрдік. «Ескі базарда» жылдағыдай мектеп формасы самсап тұрған жоқ. Шамасы, саудагерлер де жағдайдың қалай боларына алаңдаса керек. Әзірге бағада айтарлықтай өсім жоқ. Қолжетімді. Тауардың көпшілігі Бішкек пен Ташкенттен келген. Мәселен, ұлдар мен қыздарға арналған ақ жейде 3000-5000 теңге аралығында. Қара түсті шалбар 4000 теңгеден басталады. Ал, ұлдарға арналған костюм-шалбардың бағасы 8 мың теңгеден басталады. Бұл арада, әрине, сапасына қарай баға да өзгере бермек. Сөмке 3500 теңгеден. Тіпті, кейбір дүкендер оқушылар үшін арнайы жеңілдіктер ұйымдастырып, бағаны қолжетімді етуде. Оқу құралдарының бағасында өзгешелік бар. Өткен жылмен салыстырғанда дәптер, қаламсап, түрлі-түсті қарындаштар құны өскен. Мысалы, 12 беттік дәптер 20 теңгеден жоғары. Саудагердің айтуынша, бір баланың оқу құралына шамамен 30-40 мың теңге жұмсалады екен.

Карантин талаптары күшейтілгеннен кейін бе, баласын жетектеген ата-ананың да қатары сирек.

– Былтыр екінші балам бірінші сыныпқа қабылданды. Бастан-аяқ киіндіріп, мектеп формасын алған едік. Оқу онлайн болды. Биыл ол киім сыймай қалды. 3 балам мектеп жасында. Оларға қанша қаражат керектігін ойлай беріңіз. Жақында министрдің жазбасын оқып, қуанып қалдым. Енді үшеуіне тек ақ жейде мен қара түсті шалбар алатын болдым. Індеттің өршіп тұрған уақыты. Қоғамдық ортада бала ертіп жүруге қауіпті. Сондықтан үйде қалдырып, өлшемдерін өлшеп шықтым. Қазір киімдерін түгендеп болдым, енді оқу құралдарын аламын, – дейді қала тұрғыны Құндызай Доспенбетова.

Ал, сатушы Жібек Жолтаева биыл мектеп формасына сұраныс аз екенін айтты. Сондықтан тауарды жылдағыдан кем алдырған.

– Өзіңіз көріп тұрғандай, бұрынғы қарбалас жоқ. Жаңа оқу жылы жақындағанда, мұнда аяқ алып жүру мүмкін болмайтын. Биыл тыныш, сауданың жайы мәз емес. Кейбір ата-аналар әлі де сабақ онлайн жалғасады деп сенеді. Аспандап тұрған баға да жоқ. Біз тауарды сырттан алдырамыз. Өйткені, елімізде мектеп формасын тігетін кәсіпорындар саусақпен санарлық. Бағасы да қымбат. Өзбекстан мен Қырғызстан тауарлары қара базарда қаптап тұр, – дейді ол.

Отандық өнім дегеннен шығады жақында әлеуметтік желіде қаладағы белгілі «Dalatex» тігін фирмасы мектеп формасын тиімді бағада халыққа ұсынып жатқанын ата-аналар жарыса жазды. Сапасы мен бағасына көңіл толатынын айтты. Осы орайда тігін фирмасының басшысы Ділмұхамед Абызовпен де тілдеу сәті түсті.

– Екі жыл болды мектеп формасын тіге бастағанымызға. Қазір бізде ұл мен қызға арналған жиынтық (тройка) бар. Онда қыздарға жилет, белдемше және кастюм. Ал, ұл балаларға жилет, шалбар және костюм үлгісі тігілуде. Барлық өлшемін тауып береміз. Бағасы – 14 мың теңге. Осы кезге дейін оқу онлайн немесе офлайн екені белгісіз болғандықтан, нақты шешім қабылдай алмадық. Сондықтан әзірге тек бір үлгіні тігіп жатырмыз. Тауардың сапасы жақсы. Матаны Түркиядан алдырамыз. Ата-аналар арнайы келіп, балаларына өлшеп алып кетіп жатыр, – дейді кәсіпкер.

Қала тұрғыны Самал Айдарбекова – көпбалалы ана. Мектеп формасын «Dalatex» тігін фирмасынан алған. 4 баласы мектепке барады. Киім мен оқу құралына 120 мың теңге қаражат жұмсаған. Бірақ керек-жарағын түгендеп болмағанын айтады.

– Көпбалалы отбасы болғандықтан, бәріне бірдей жаңадан сатып алуға қалтамыз көтермейді. Тек үлкен екі қызыма «Dalatex» өнімін алдым. Кейінгілері үлкендерінен ауысқанын киетін болады, – дейді ол.

Ал, әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларды мектеп формасы және оқу құралдарымен қамту үшін платформа құрылды. Онда отбасының жағдайын ескере отырып, түрлі қолдау шаралары қарастырылған. «Мектепке жол» акциясы бойынша биыл «Ата мекенім» қоғамдық қорының қолдауымен «www.atamekenim.kz» порталында көмекке мұқтаж ата-аналар өз өтінімдерін қалдыра алатын «Мектепке жол» арнайы платформасы жұмыс істейді. Балаға керекті мектеп формасы мен құрал-жабдығы демеушілер тарапынан үлестірілмек.

Ұстаздардың айтуынша, мектеп формасы балаларды бір ізбен тәрбиелеуге үлес қосады, бір-біріне ықылас, көзқарасты сезінуге мүмкіндік береді, айналып келгенде, мұның бәрі оқушылар арасындағы әлеуметтік теңдікті сақтауға көмектеседі.

Бұл ретте министр: «ата-аналардың, мұғалімдердің, мектеп әкімшіліктерінің, білім басқармасы басшыларының пікірлерін тыңдап, көбісі мектеп формасын жақтайды деген қорытындыға келдім. Бірақ мектеп формасын қолдағандар мен қарсылық білдіргендердің пікірлерін саралап, барлық жағдайды ескере отырып, біз оқушыларға мектепте тек мектеп формасында ғана емес, сонымен қатар классикалық стильдегі киімде де келуге мүмкіндік беретін шешім қабылдадық. Бұл шешім тек қана келесі оқу жылы үшін қабылданды», – деп түйіндеді.

Қалай дегенде де мемлекет білім беру саласында әрбір маңызды мәселені сүзгіден өткізіп отыр. Қалыпты, дәстүрлі жүйеге бүйірден соққан соққыдай болып келетін жұқпалы індеттен сақтану, әрбір өзгеріске байыппен баға беру шын мәнінде бәріміз үшін сын болып тұр.

ЭКОНОМИКАДА ӨСІМ БАР

Бүкіл әлемдегі сияқты қазір елімізде инфляция қарқынын ауыздықтау біршама қиындыққа душар болуда. Сарапшылардың атап көрсеткеніндей, 2021 жылдың екінші тоқсанында Қазақстан экономикасы біршама қарқынды дамыды.

Ішкі жалпы өнімнің өсуіне айналымға қосылған миллиардтаған теңгелер ықпал жасады. Сонымен бірге ол бағаның өсуіне әкеп соқты. Бірақ осының барлығы Қазақстан сияқты дамушы елдерге ғана емес, бұрын инфляцияның деңгейі қалыпты деңгейде ұсталып келген мемлекеттерге тән болып отыр. Әсіресе бұл соңғы кездері Ресей экономикасы үшін үйреншікті құбылысқа айналды. Ресей президенті Владимир Путин инфляцияны АҚШ-та айналымға қосылған нақты кіріспен қамтамасыз етілмеген бірнеше триллиондаған доллардың ықпалы деп түсіндірді.

Соңғы уақытта Қазақстанның монетарлық билігі макроэкономикалық тежеу механизмдерін қолдануды жиі қолға алды. Атап айтқанда, нарыққа ақшаның түсуі тежелуде. Еуроазиялық даму банкі сарапшыларының пікірінше, елімізде бұл уақыттағы шаралар алдағы кезде өз жемісін көрсететін болады. Жыл аяғына дейін Қазақстанда инфляция 7 процентке дейін тежеледі. Инфляцияның жылдам өсуіне экономикадағы жағдайдың қалыпқа түсуі ықпал жасауда.

Қазір доллардың теңгеге қатысты бағамы туралы жиі айтылуда. Әзірге ол доллар құнынан шаққанда 424 теңгені құрайды. Жыл соңына дейін жағдай осы қалыпта тұрса, экономика 4 процент өсімді құрауы әбден мүмкін. Бұл салыстырмалы түрде айтқанда, үлкен өсім көрсеткіші болып табылады. Осындай жағдай қалыптасқанда сарапшылар инфляцияның күткендегіден жоғары болатынын болжайды.

Жергілікті нарық қазір нақты жағдайға бейімделе бастады. Соңғы кездері жергілікті тұтыну нарығында баға біртіндеп төмендеп келеді. Айталық картоп және көкөніс өнімдерінің бағасы осыдан 1,5-2 ай бұрынғы деңгейден 50-70 процент төмендеген. Біз тілдескен сатушылар баға алдағы қазан айларында өткен жылғы деңгейге жетуі әбден мүмкін деген пікірді алға тартады. Бұл бір жағынан нарыққа ақшаның қысым жасап жатқанына қарамастан, жалпы өнім өндірудің көлемі өспесе кемімегенін айқындайды. Бір сөзбен айтқанда, дақан қауымы жаңа жағдайға бейімделуде. Ресей нарығы жабық болғандықтан өнімнің көпшілігі жергілікті жерде сатылуда. Түйінін айтқанда, сұраныс пен ұсынысқа сәйкес экономика өз заңдылығымен даму жолына түскен сыңайлы.

Сарапшылар соңғы кезде елімізде нан өнімдерін өндіру көлемі біршама төмендегенін айтады. Ол шамамен 20 процентке төмендеген. Осыған сәйкес макарон және кондитер өнімдерін өндіру көлемі азайған. Қымбатшылық аталған өнімдерді айналып өткен жоқ. Нан бағасы біршама қымбаттады.

Дегенмен сарапшылар экономикалық жағдайдың біршама өзгеру мүмкіндігін жоққа шығармайды. Ол әдетте елімізде қалыптасқан індеттің өршуіне байланысты шектеу шараларының енгізілуімен сабақтастырылады. Қалай болғанда да барлығына уақыт төреші.

Ж.ӘЛЕНҰЛЫ

ЖҮСІП ЕШНИЯЗҰЛЫ – 150

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖАУҢАР ЖЫРДЫ ЖҮЗІКТЕГЕН СӨЗ ЗЕРГЕРІ

«Жүсекең гүжім бір дарақ,
Сүйсінген сырттан ел қарап.
Миуалы жапырақ,
Саясына ел қонад.
Қаңтарда ұшқан қыран сол,
Топшылы тұйғын мұзбалақ» – исі қазаққа ақын атымен таныс, шайыр Әлиакпар Жұматаев өзінің «Жүз жүйрік» деп аталатын әйгілі толғауында Жүсіп ақын туралы осылай толғайды.

Ешниязұлының арғы ата тегі кіші жүздің Кете деген руы болғандықтан, халық «Кете Жүсіп» деп атандырған. Жүсіптің әкесі Ешнияз әрі ақын, әрі әнші-композитор. Ешнияз кезінде Құрманғазымен дос болған.

XIX ғасырдағы белгілі Базар жыраудан бастап Сыр бойынан шыққан бір топ әйгілі ақындардың Ерімбет, Даңмұрын, Жүсіп, Омар, Тұрмағамбет т.б. үлгі алып, ұстаз тұтынғаны осы – Ешнияз ақын.

Ақындықты 14 жасынан бастаған Кете Жүсіп өлеңді жаза алатын әрі әнші, әрі ақын болған. Шығармасын да домбырамен мәнерлеп әнге қосқан. Салалы шығармаларынан «Шәһзада», «Сұрмерген», «Мекер қатын», «Алдар көсе» «Раунақ» дастандары, сонымен қатар Қаңлы Жүсіппен, Даңмұрынмен, Құлназар, Егізбай, Тұрымбетпен айтыстары бар. Толғау, терме, діни бағыттағы өлеңдер мен көңілқос, сынау, сияқты өлең сөзге өте шебер болған.

Кете Жүсіптің өзге ақындардан ерекшелігі – ол айтыс ақыны. XX ғасырдың бас кезінде ғұмыр кешкен Қаңлы Жүсіп, Керейт Даңмұрын сияқты даңғайыр ақындармен Жүсіп ақын жас жігіт шағында айтысқа түскен. Сыр елінде «Үш шайырдың», «Бес шайырдың», «Сегіз шайырдың» айтыстары атанған белгілі ірі ақындардың тобы болған. Бұлардағы ерекшелік – әдеттегідей екеу-екеу кезектесіп айтыспайды, ақындық күшін сынасу үшін бірнеше ақын бір тақырып төңірегінде өз өнерлерін бір рет ортаға салады. Олар бұл өнер жолын жазып айтысумен жүзеге асырған. Айтыстың Сыр еліндегі осы айтыстың жаңа түрін жандандырып, қоғам жұмысына қызу араласып, жыр өнерін насихаттаған сөз зергерінің бірі Кете Жүсіп болған.

Әрі ақын, әрі жыршы Жүсіп Ешниязұлы кеңес үкіметі орнағанша туған өңіріне белгілі, ел басқарған бидің бірі болып, әсем әні, көркем шығармасы, әділ билігімен халқына қалтқысыз қызмет еткен.

Биылғы жылдың қыркүйек айында Кете Жүсіп Ешниязұлының 150 жылдығына орай облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының ұйымдастыруымен «Жырлансын, Тәуелсіздік жыр бұлағы» атты республикалық жыршы-жыраулар байқауын өткізу жоспарланып отыр. Байқаудың негізгі мақсаты – Қазақ әдебиеті тарихында көркем өнер, кестелі сөздің өзіндік үлгісін қалдырған тұлғаның шығармаларын дәріптеу және жас ұрпақтың санасына сіңіріп, генетикалық жадты жаңғырту болмақ. Мәдениет саласының басты атқаратын қызметі ұлт руханиятының алтын қазыналарын халық игілігіне пайдалануға ұсыну. Осы тұрғыдан келгенде бұл байқаудың ережесіндегі өзіндік ерекшеліктерді де айтып өткенді жөн көрдім.

Байқау екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде қатысушылар 1 сағат көлемінде Кете Жүсіп Ешниязұлының дастандарынан жырласа, екінші кезеңде ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арнаған өзінің немесе өзге авторлардың шығармаларын Кете Жүсіптің терме-толғау, айтыстарынан орындайтын болады. Сыр сүлейлерінің бірегейі, билік пен өнердің тертесін тең ұстаған біртуар тұлғаны ұрпақ жадында мәңгі қалдыру мақсатында ұйымдастырылғалы тұрған шараның көрерменге берері мол болмақ. Байқауға елімізге белгілі әр өңірдің жүйріктері қатысады деп, жоспарланып отыр.

Алдағы уақыттарда облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы Сыр бойынан шыққан әдебиет пен мәдениетке соны соқпақ, тағалы із қалдырған тұлғаларды насихаттау жұмыстарын жалғастыра бермек.

Берік САЙМАҒАНБЕТОВ,
облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының маманы

Ернияз ОМАРОВ

Сыр елінің ардақты азаматы, талантты хирург, денсаулық сақтау саласының аңыз тұлғасына айналған алтын қолды дәрігер Омаров Ернияз Омарұлы 90 жасқа қараған шағында қайтпас сапарға аттанды.

Артында өшпес із қалдырған, ақ халатына дақ түсірмеген Ернияз Омарұлын халқы да жақсы көріп, құрметтеп, аймақ медицинасының атасы деп атады.

Ернияз Омаров 1932 жылдың 1 қаңтарында Тереңөзек ауданының А.Тоқмағамбетов ауылында дүниеге келген.

Облыс орталығындағы медициналық техникумды бітірген соң алғашқы еңбек жолын Тереңөзек ауданындағы «Арысқұм» жайлауындағы малшылар қонысында фельдшер, одан соң медициналық бекет (пункт) меңгерушісі болып бастаған.

Білімін жетілдіріп, 1958 жылы Алматы Қазақ мемлекеттік медициналық институтын бітіргеннен кейін облыстық ауруханада хирург, емхана меңгерушісі, 1961 жылы қалалық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болады. 1967 жылы Ернияз Омаровтың бастауымен Қызылорда қаласында 250 төсек-орындық қалалық аурухана ашылып, оған өзі бас дәрігер болып тағайындалып, емдеу мекемесінің жұмысын аяғынан тік тұрғызады. Көп жылғы практикалық жұмысын ғылыммен ұштастырып, Ернияз

аға медицина ғылымының кандидаттығын қорғайды.

1982 жылы облыстық денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалып, облыста типтік жобадағы 5 орталық аудандық аурухана, 7 ауылдық аурухана, 20-дан астам ауылдық дәрігерлік емхананың ашылуына мұрындық болды.

Ернияз Омарұлы қандай қызметте жүрсе де, ең алдымен, өзінің дәрігер екенін ұмытқан жоқ. Қырық жылдан астам еңбек өтілінде он мыңға жуық ота жасап, талай науқасты ажалдан арашалап қалды. Зейнетке шыққа да қарап отырмай, жас мамандарға үйретіп, тәжірибесімен бөлісіп отырды.

Еңбегі де лайықты бағаланып, «Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген дәрігер» құрметті атағымен, «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар Достығы» және «Құрмет белгісі» ордендерімен, «1941-1945 жылдардағы Жеңіс» медалімен, көптеген Құрмет Грамоталарымен марапатталды. Сырдария ауданының, Қызылорда қаласының және Қызылорда облысының Құрметті азаматы атақтарын алды.

Асыл азамат Омаров Ернияз Омарұлының дүниеден озуына байланысты әулетіне, жақындарына қайғыра көңіл айтамыз.

Ел мүддесі жолында жасаған игі істері мен өнегелі ғұмыры артында қалған ұрпағына ұлағат болсын!

Жатқан жері жайлы, иманы саламат болсын!

Қызылорда облысының әкімдігі,
облыстық мәслихаты,
«Nur Otan» партиясының облыстық филиалы,
облыстық Ардагерлер кеңесі,
облыстық Қоғамдық кеңесі

МӘМС: Ұсынылған мүмкіндік ұғынықты ма?

Шұғыл болса, онда тек кезек күту тәртібіне жүгінесіз. Сондай-ақ, қызмет көрсетілетін медициналық ұйымды өз бетіңізше табуға болады. Мұны «fms.kz» ресми сайтынан тексересіз. Қажетті ақпаратты емхананың жауапты қызметкерінен білуге болады. Мынадай жайт кездесуі мүмкін. Егер учаскелік дәрігер сіз таңдаған клиникада бейінді маманға немесе диагностикалық зерттеулерге жолдама беруден бас тартса, емхананың пациенттерді қолдау қызметіне хабарласып, өз құқығыңызды талап етуге болады. Бұл қызмет жергілікті жерлерде осындай мәселені шешу үшін арнайы құрылған. Ал, мұнда түсіністікке жету мүмкін болмаса 1406 нөміріне хабарласа аласыз. Бұл – өтініштерді қабылдайтын қордың жедел желісі. Сонымен қатар басқа байланыс арналары да қамтылған. Ол – Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы, @SaqtandyrыBotb Telegram каналы және «fms.kz» ресми сайты.

Жеке емханалар қызметі қандай?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының филиалы өңірде 60 емдеу ұйымымен шарт жасасқан. Оның 30-ы – жеке клиника, қалғаны – мемлекеттік медициналық ұйымдар. Тегін медициналық көмектің кепілдік көлемі пакеті шеңберінде 51,2 млрд теңгеге келісім бар. Оның 5,3 млрд теңгесі 30 жеке медициналық ұйымға тиесілі. МӘМС пакеті аясындағы жалпы келісім сомасы – 26,3 млрд теңге. Оның 2,9 млрд теңгесі жеке клиникалар үлесінде. Бұл мәліметтермен әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының ресми сайтында да толыққанды танысуға мүмкіндік бар. Жоғарыда айтқанымыздай, тіркеу науқаны кезінде әрбір тұрғынға медициналық мекемені жылына бір рет еркін таңдау құқығы берілген. Сондай-ақ, егер адам тұрақты немесе уақытша тұратын, жұмыс істейтін немесе оқитын жерін ауыстырса, басқа елді мекенге көшсе немесе өзі жататын емхана қайта ұйымдастырылса ауыстыруына жағдай жасалған. Бұдан бөлек, «Ресми түрде жұмысқа орналасқанмын, жақында жалақысы сақталмайтын ұзақ демалысқа шықтым. Сақтандырылған мәртебесін жоғалтпау үшін не істеуім керек?» деген сауал жолдаушылар бар. Қор маманы МӘМС жүйесіндегі мәртебе соңғы жарнадан кейін 3 ай бойы сақталатынын хабарлады. Қандай да бір себептермен МӘМС жүйесінен шығып қалған жағдайда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде еңбекке жарамсыздық парағын ашуға мүмкіндік жоқ. Мамандардан басты сауалдарға алған жауап осындай. Олардың айтуынша, алдағы уақытта да қажетті мәліметтерді бөлісу, тұрғындар арасында ақпараттандыру жұмыстарын жалғастыру мәселесі күн тәртібінен түспейді.

ЭКО және МӘМС мүмкіндігі

Бүгінде әлем бойынша 12-20 процентке жуық жұптың бала сүйе алмай отырғаны туралы статистика бар. Оның ішінде жартысына жуығы көмекші репродуктивті технологияларға зәру. Біздің елдегі ахуал да мәз емес. Әрбір алтыншы отбасында осы мәселе кездеседі. Оның шешімін табу үшін көбі жасанды жолмен ұрықтандыру процедурасына жүгінетіні де белгілі. Бұл ретте «ЭКО-ны МӘМС аясында тегін жасатуға бола ма?» деген сауал туындайды. Оған «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ облыс бойынша филиал директоры Бақыт Исмаханбетов жауап берді. Бақыт Торғайбайұлы биыл елімізде МӘМС есебінен жалпы сомасы 6,2 млрд теңгеге экстракорпоралдық ұрықтандырудың 7 мың циклы жүргізілетінін айтты.

– ЭКО жүргізуге арналған қаражат балалы болу мүмкіндігі жоқ фертильді жастағы әйелдердің санын ескере келе, бүкіл Қазақстан бойынша бөлінді. МӘМС аясында репродуктивті қосалқы технологиялар қызметін еліміздің 8 қаласындағы 19 клиника ұсынады, оның ішінде 3-уі мемлекеттік және 16-сы жекеменшік. Өздеріңіз білетіндей, отбасылық-демографиялық ахуал – мемлекет үшін маңызды мәселелердің бірі. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында айтқан болатын. Сол кезде Үкіметке 2021 жылдан бастап «Аңсаған сәби» арнайы бағдарламасын іске қосып, квотаны 7 есеге арттыруды тапсырды, – деді ол.

Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығының деректерін парақтау барысында биыл шілде айы бойынша 2,3 мың пациентке экстракорпоралдық ұрықтандыру жүргізілгенін білдік. Мұнда МӘМС-тің өзге де мүмкіндіктері жайлы көрсетілген. Мәселен, 18 жасқа дейінгі балалар сақтандыру есебінен тісін тегін емдей алады. Өйткені олар жеңілдікті санатқа жатады және қорға аударымды мемлекет төлейді. Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер де МӘМС жүйесінде азаматтардың жеңілдікке ие санаты ретінде сақтандырылғандықтан, қымбат диагностикалық зерттеулер мен тегін медициналық көмектің толық пакетін алуға құқылы. Қорыта айтқанда, жаңа жүйе енгізілгелі бетбұрыс байқалады. Медициналық көмекті қажет ететін жандардың ақылы түрдегі ем-шараларға бұрынғыдай шығындалмай, жүйелі емдік сатылар арқылы толық сауығуына негіз бар. Бұл орайда сақтандырудың пайдалы тұсын ескеру маңызды дер едік.

1-бет

Ол Қазалыдай қасиет қонған топырақта қара халықтың жәрдемшісі, жұбанышы болыпты. Азан шақырып қойған аты да солай еді. Жұбаныш. Жеті атадан бері қара дүкен ұстаған Игісін баласы атына заты сай елге осылай қызмет қылыпты.

Ал енді деректерді сөйлетсек. Жұбаныш Игісіңұлы – шипагер тәуіп, халық емшісі, софы, көріпкелдігімен елге танылған әулие. Әкесі Игісін – он саусағынан өнер тамған шебер, темірден түйін түйген ұста. Сонымен қатар, жер жағдайын жақсы білетін аңшы, құралайды көзге атқан мерген екен. Сауда-саттықпен де байланысы бар дәулетті адам болған. Тарихтағы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде дала қаһармандары Жанқожа мен Ақтан батырлардың атқосшы әрі серіктес сарбаздарымен қатар жүрген.

Sb Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

ШИПАГЕРЛІКТІҢ ТЫЛСЫМ СЫРЫ

Аңыз бойынша саятшылық және аңшылықтың айла-тәсілін меңгерген, жер жағдайын жақсы білетін Игісін мерген бір жортуылдан келе жатып әулие, емші, көреген, қасиет дарыған кісі болып елге танылған Сиық ата (Шейх ата) әулиенің бейітіне ат басын бұрыпты. Білетін аятын оқып, қоржынындағы ас-суын ішіп сол жерге түнейді. Таң алдында түсіне енген әулие аян беріп қолына жанып тұрған қос шырақ ұстатады. Игісін жортуылда көп жүрген, түсі суық, адам сескеніп тұратын жаужүрек, ер тұлғалы кісі екен. Көпке дейін баласы болмаған. Осы түстен кейін-ақ көп ұзамай Жұбаныш, одан Қуаныш ұлдары дүниеге келеді. Көрген түсі өңінде қос ұл болып келгесін балаларын «көзімнің қос шырағы» деп отырады екен. Біз әңгіме қылған Игісіннің бейіті Бектау өңірінде Бесөзек деген жердің арқа бетінде 10-12 шақырым жердегі төбеге қойылған. «Игісін алап» деп аталған осы тұста ертеректе Қарақалпақ еліне әрі-бері керуен қатынаған сауда-саттық жолы болған.

Мақаламыздың негізгі кейіпкері – Жұбаныш ата 1870 жылы Қазалының қазіргі Кәукей ауылы маңында туған. Сараман, Қарабура, Маяқос, Бектау, Ұялы өңірінде жастық шағын өткізген. 1956 жылы 86 жасында өмірден озған. Шежірешілер айтқандай, Жұбаныш жас күнінде өлең-жырға құмар әнші, қиссаларды жатқа айтқан домбырашы, сал-серілік құрып ауылды аралап жүретін өте келбетті жігіт болған. Бір жолы ауылға келген соң, ауыр дертке душар болып үш жылдай жатып қалады. Сол дәуірдегі ұлама емшіге емделіп, дертінен сауығып, одан тәуіптіктің қыры мен сырын, шығыс медицинасының шөптен және оның тамырынан дәрі жасау, сақтау мен пайдалану ілімдерін меңгереді. Қазан, Бұқар, Самарканда болып жоғары медреселерді тауысқан. Ноғай молдадан жаратылыс, дүниетаным және ислам дініне қатысты шариғат ілімдерінен тәлім алады. «Сонымен қатар аспан әлемі жайындағы (астрономия) жазбаларды өз бетінше оқып, табиғаттың тылсым құбылыстарына көп үңіліп, әсерін зерттеп, шипагерлік тәжірибесін толықтырады» дейді шежіреші Тілеуберген Төребековтің жазбаларында. Ноғай ұламадан алған рухани білімі мен ұзақ уақыт жинақтаған тәжірибесі арқылы тәуіптік, яғни дала медицинасын меңгерген.

Көзкөргендер айтады, ол аурудың тамырын ұстап, көзіне, тіліне, тырнағына, терісінің түсіне қарап науқасының себебін білген. Уқалау арқылы емдеу нұктелерін тауып, тамыр үзу арқылы тәнді кеселден арылтатын тамыршы болған. Әуелі ішті айдайтын шөптен жасаған тұнба беріп құстырып, асқазанды тазалап, науқасты жақындарымен тілдестірмей оңаша үйге жатқызып, өзі ғана бақылап отырған. Күн мен түннің өзгеруін қадағалап, оның адам ағзасына әсеріне қарай ем қолданып, астрономияны өзінің ем қолдану кезеңімен байланыстырып отырады екен. Табиғат дүниесін зерттеп, тоғай арасы, су жағасында қонып-түстеніп науқасқа дауасы бар емдік қасиетті шөптердің тамырын, сабағын, гүлін, шырыны мен жеміс-жидектерін жинап, кептіріп, өлшеп дәрі-дәрмек жасаған. Жан-жануардың түрлі ағзалары мен майын алып, минералдар мен химиялық (алмас, сынап, күкірт) заттардың қасиеттерін танып-біліп, жасаған дәрілеріне қолданыпты.

Жұбаныш атаның қылтамақ ауруын да жазған уақыты болыпты. «Қылтамақ ауруын желден, жаннан және қаннан болатын түрі кездеседі» деп өзі де айтып кеткен. «Қаннан болатын түріне ем жоқ» деген. Ол – бүгінгі медицинадағы ақ қан ауруы. Ал жел мен жаннан болатын түрін көбінесе от, су, жел, ауыр күйзелістен туындайтынын айтады екен. Ибн Сина, Өтебойдақ сияқты ежелгі ұлама шипагерлердің ілімінен хабары болған дейді тәуіптің көзін көргендер.

Ол көбіне адамдардың құрт ауруы, жыланкөз, бетеке, сүйек тасу, қотыр, таз сияқты күрделі аурулардан сауығуына үлес қосқан. Жұбаныш тәуіпке сол кездегі қарақалпақ, өзбек, түркімен жұртынан келіп емделгендер болған.

Айтпақшы, келетін адамдарды алдын ала аян алып біліп отырады екен. Қараңызшы, ем қонбайтын науқастарға «Құдай қаласа, келесі жылы төбеге шығасың гой» деп психологияға жағымды жылы сөзімен жұбатып шығарып салатын болған. Өзінің дүниеден өтетін күнін білген. «Мені үйімнің іргесіндегі ақ төбеге қойындар» деп өсиет айтып кеткен.

Қазір Кәукей ауылының іргесінде жергілікті халық оның есімімен атаған «Жұбаныш төбе» деген жер бар. Бұл – елдің құрметі. Тәуіптің есімі Қазалы ауданының энциклопедиясына енген. Көзі тірісінде оны білетін ел құрметтеп «тәуіп», «әулие», «сопы», «шипагер» деп атап, «киелі адам», «кепиеті ұрады» деп алдынан кесе өтпесе керек.

Ілгеріде аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкері Қалдан Бештембеков «Менің жас өмірімді сақтап қалған Жұбаныш тәуіп қой, ол кісіге өмір бойы қарыздармын» деп қамығып, көзіне жас алып отырады екен. Жұбаныш ата оны жас кезінде ауыр науқастан емдеп жазғаны рас. Тіпті оған күтініп жүрмесең, қырық жылға дейін ауру қайта соғуы мүмкін деп ескерткен.

Арада жылдар салып Қалдан ағамыз қайталап ауырып, Алматыдағы А.Сызғанов атындағы ұлттық хирургия ғылыми орталығына қаралыпты. Ғылыми орталық ұзақ зерттеуден кейін Мәскеуге жолдама береді. Науқасты қабылдаған КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің бас хирургі, КСРО МҒА академигі, медицина ғылымының докторы, профессор Михаил Кузин екен. Атақты хирург әріптестерімен кеңесе отырып, 1987 жылы күзде өңештің асқазанға жақын жеріне ота жасап, ісікті кесіп алып тастайды. Өте күрделі өткен отадан соң, өңешке зерттеу жүргізіп, сараптаманы оқып, науқаспен тілдескен дәрігер:

– Ертеректе қандай елде емделдіңіз? – деп сұрақ қояды. Қалдан аға дала дәрігері, шипагер тәуіп, бұл күнде өмірден өтіп кеткен Жұбаныш Игісіңұлының емдеп-жазғанын айтқанда академик басын шайқапты.

– Мынадай емді жасаған дала академигінің туған жеріне алтыннан ескерткіш қоюға болады, – депті аса ризашылықпен таңданысын жасырмай.

Қазалының қарапайым қара шалына баға берген М.Кузин Ленинград әскери медицина академиясының түлегі еді. Танымал ғалымдардан дәріс алған тұлға. Ағылшын, француз және неміс тілін меңгерген ғалым. Мәскеу медицина институтының ректоры, А.В.Вишневский атындағы хирургия институтының директоры қызметтерін атқарған лауазым иесі. Ол өз өмірінде 42 ғылым докторы, 60-тан астам медицина ғылымының кандидатын дайындаған. Ғалымның 500-ден астам ғылыми мақаласы, 20 монографиясы жарық көрген. «Әлемнің дәрігерлері ядролық соғысқа қарсы» халықаралық қозғалысын ұйымдастырушылардың бірі болатын. Халықаралық хирургтер қоғамының құрметті мүшесі, Социалистік Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері.

Дүние жүзі таныған ғалым таңырқап «дала академигі» деген баға берген Жұбаныш тәуіптің ерекше емшілік қасиеті – он сегіз мың ғаламды жаратқан Алладан дарыған рухани ғылым құдіреті. Әйтпесе онда Кузиндей медицина академиясының оқуы болмағаны шындық.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2021 жылдың 26 наурызында қайтыс болған азамат Бурамбаев Бисенбек Уристамбековичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 30 47 23, 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.**

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Базарбаев Еркін Садықұлы (лицензия №0002005, 28.10.2004 ж.) 2009 жылдың 7 ақпанында қайтыс болған азамат Байзаков Султанбектің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі 27/18, тел.: 8 777 241 18 66.**

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Досжанов Жанымбек Нурекеевич (лицензия №0000101 21.06.2005 ж.) 2021 жылдың 1 қаңтарында қайтыс болған азамат Сыздыков Сейтжаппардың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Абай даңғылы 62/2, тел.: 23 15 88, 8 777 271 51 48.**

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70–00–52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E–mail: smjarnama@mail.ru

Облыстық ішкі саясат басқармасы, «Сыр медиа» ЖШС ұжымы және Қазақстан Журналистер одағының облыстық филиалы белгілі журналист Нұрбек Әмишаға әкесі
Шынтемір Әмишаұлының
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ұжымы, облыстық медицина саласының ардагерлер кеңесі және «Senim» Денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалының ұжымы медицина саласының ардагері
Омаров Ернияз Омарұлының
қайтыс болуына байланысты маркұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

РУХАНИ ӨРЛЕУ ӨЗЕГІ

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

2018 жылы облыс көлеміндегі ескерткіштердің 3D форматтағы интерактивті картасы әзірленіп, 150 ескерткішке QR-код тақтайшалары орнатылды. Осы жылы Қорқыт мұралары ЮНЕСКО-ның материалдық емес мәдени мұралар тізіміне енгізіліп, облыстық филармония жанынан «Қорқыт сазы» қобызшылар ансамблі құрылды. Осыған сәйкес, облыс мәдениет үйлері мен клубтарында қобыз үйірмелері ашылды.

Осы жылы Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрына «академиялық» мәртебесі берілді.

Облыс мәдениет және өнер ұйымдарында дәстүрлі өнерді дәріптеуге арналған «Бабалар тарауы...», «Тау тұлға Тұрмағамбет», «Кино – тарих келбеті», «Сағынышқа айналған бейнең» айдарлары, «Алтын уық» жобалары қолға алынды. Облыс музейлерінде «Тарихи тұлғалар», «Бұл үйде кім тұрған?», «Музей радиосы», «Асыл мұра», «Жас өлкетанушы», «Киелі мұра» музейлік жобалары жүзеге асырылды.

Сонымен қатар, балалар мен жасөспірімдер арасында кітап оқу мәдениеті мен кітап оқу белсенділігін артыру, кітап оқу мәртебесін көтеру және отбасылық кітап оқудың дәстүрлерін қолдау мақсатында «Балалар мен жасөспірімдерді кітап оқуға тарту, кітап оқуды насихаттау және «Оқитын ұлт – оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру бағытындағы 2021-2025 жылдарға арналған облыстық іс-шаралар жоспары» бекітіліп,«Сыр шаңырағы» Youtube каналында «Балалар әдебиеті» айдары ашылды.

Сондай-ақ, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ даласында осыдан сегіз ғасыр бұрын құрылған алып империя Алтын Орданың мерейтойын атап өтіп, оның негізін қалаушы әрі қазақ хандарының түпатасы Жошы ханның есімін ұлықтау жөнінде бастамасы Сыр елінде өз деңгейінде көрініс тапты.

Алтын Орданың 750 жылдығына арналып облыс кітапханаларында 200-ге жуық тақырыптық кітап көрмесі мен тарихи-танымдық кештер және 280 түрлі бағыттағы шаралар, тарихшы ғалымдардың қатысуымен дөңгелек үстелдер, өнер ұжымдары мен дәстүрлі орындаушылардың концерттері берілді. Бұл шаралар шеруі ұрпақтың отангерлік сезімін тереңдете түсіп, ұлттық рухымызды биікке көтерді. Облысымыздың мәдениет және өнер мекемелерінде тарихымызды таразылауға, ұлттық құндылықтарымызды сақтауға, насихаттауға бағытталғанбасқа да жүздеген жобалар жүзеге асырылды.

2020 жылы республикалық «Алтын домбыра» жобасы аясында айтыскер ақын Мұхтар Ниязов «Айтыстың ақтаңгері» атанып, үшінші мәрте «Алтын домбыра» сыйлығын жеңіп алды. Алтын домбыра салтанатты түрде Сыр еліне әкелініп, облыстық тарихи-өлкетану музейіне құнды жәдігер ретінде қойылды.

Ашаршылықтан зардап шеккен Поволжье мен Ресей халқына Арал ауданы балықшыларының 14 вагон балық жөнелту тарихи оқиғасына 100 жыл толуына орай тарихи құнды жәдігерлер сақталған «Балықшылар музейі» қайта жаңғыртудан өткізілді.

«Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған Жол картасы» бойынша 21 жоба жүзеге асырылса, Шиелі ауданының Жиделіарық, «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Жаңақорған ауданының Шалқия елді мекенінде 150 орындық ауылдық клубтарының және облыстық бюджет есебінен Әйтеке би кентінде 600 орындық мәдениет үйінің құрылысы аяқталды.

Пандемия барысында облыстың мәдениет және өнер мекемелері онлайн режиміне көшіріліп, арнайы жоспарланған іс-шаралары әлеуметтік желілер арқылы халыққа тоқтаусыз берілді. Онлайн концерттер, спектакль, экскурсия, лекция, танымдық сағаттар, виртуалды көрмелер, басқа да шаралар көрермені мен тыңдарманына жолданды.

Сыр елінде тұңғыш рет А.Жұбанов пен Л.Хамидидің «Абай» операсы сахналанды. Сыр сүлейі Тұрмағамбет Ізтілеуұлының жауһар мұрасы «Шаһнама» дастанын насихаттау мақсатында «Шұғыла шашқан Шаһнама» атты дастан жырлаушылардың облыстық жыр фестивалі болып өтті. Белгілі жырау Алмас Алматовтың «Шыңғыснама» тарихи дастаны алғаш рет республика жыршы-жырауларының қатысуымен жырланып, жұртшылық оны әлеуметтік желі арқылы тамашалады.

Сондай-ақ, облыстық мәдениет саласы осы жылы Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді мемлекеттік тапсырыс негізінде ұйымдастыру жобасын жүзеге асыру бойынша жұмыстар атқарды.

Бұл жоба – балалар мен жасөспірімдердің шығармашылығын дамыту, оларға рухани мәдени бағыт беру, жеткіншектердің бос уақытын мазмұнды және тиімді ұйымдастыру мүмкіндігі. Облыс бойынша 2021 жылға мемлекеттік шығармашылық тапсырысқа 240 үйірмеге 1522 баланы қамту мүмкіндігі бар. Бұл үшін облыстық бюджеттен 100,1 млн теңге қаржы қаралған. Жобаның артықшылығы өнім беруші ретінде оған білім беру ұйымдарынан басқа, меншік нысанына, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан. заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер де атсалыса алады. Анығырақ айтқанда, «бала тәрбиесі – баршаға ортақ» деген қағида іс жүзінде көрініс табады.

Біз, әрине, тәуелсіздік жылдарында іске асырылған мәдени-ағарту бағытындағы шаралардың басты-бастыларына ғана назар аудардық. Өңірімізде қаншама мәдени серпіліс, рухани өрлеудің орын алғанына сырбойылық талғампаз жұршылықтың өзі куә.

1-бет

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Әл Фараби мұрасын зерттеуші ғалым Ақжан Машанов ағамыздың: «Тарихтан баста, тарихпен аяқта» дегені есіме түсіп мақаламды ертеректен бастауды жөн көрдім.

Өткен ғасырдың 60-жылдары Қызылорда мен Қарағанды облыстарының шекараларындағы жайылымдық жерлерге байланысты келіспеушілік іс-әрекеттері жиі орын алады. Бұл даулы мәселеге екі облыстың ішкі істер қызметкерлері де араласады. Содан, бұл мәселеге байланысты бітімгершілік кездесуге Қарағанды облысынан Жезқазған аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Сағындық Жабағыұлы, Қызылординадан милиция майоры Балықбай Қоңқабаев қатысады. Ең қызығы, екі өңірдің дау-дамайын шешу барысында танымал

ҚАМШЫБЕКТІҢ АТАСЫ

Құтан әулиенің екі ұрпағы кездеседі. Бұл жерде аталастығы жақын екі туыстың табысуынан көп жылдар бойы шешілмеген іргелес қоныстанған қандастарымыздың даулы мәселесін екі жақты мәмілемен реттеуге ықпал етеді.

Осылай Сыр мен Арқа елдеріндегі аталастар арасына алтын көпір жолы қалыптасқан. Кейін, Халық ағарту ісінің үздігі жолдас Жүсіповпен шипажайда кездестім. Ол кісі маған Балықбайдың есімін Бағаналы жұртының төрт босағасының бірі Сандыбайдың Дүзенінің тұқымы Қасқабайдың Қасенінің қойғанын әңгімелеп берді. Бұл жерде бәрін баяндауды жөн көрмедім. Дегенмен, Қасқабайдың Қасені ат қоярда былай депті: – Қоңқабай шырағым, атадан жалғыз екенсің. Өмірге келген нәрестең де жалғыз екен. Нәрестеге перзентіңе ырым етіп ат қояйын. Мен бір-екі жыл болды, мына кісілерге басшы болып, балықты кәсіп етіп жүрмін. Жазда аулаған балықты жыңғылды жағып ыстап, ысталған балықты түйелерге артып Шиеліге жеткіземіз. Қыста тоң балықтарды түйе шаналармен жеткіземіз. Игілігін халқым көруде. Бұл бізге сарқылмас байлықтың көзі, әрі тарықтырмас несібе болып тұр. Таусылмас дегенім, бір балықтың уылдырығынан бәлен мыңдаған балық өседі екен. Жұрттың бәрі айтылған сөзге ұйыған сәтте:

Ал енді қолыңды жай, Қоңқабай шырағым, берген батам, періштенің құлағына шалынып, Алла қабыл етсін. Баланың аты – Балықбай болсын, балықтай ұрпақ шашсын, әумин!» деп ат қою рәсімін жасайды.

Дуалы ауыз Қасен ханның батасы қабыл болған Балықбай қажының ұрпақтары, шүкір, өркен жайып, егемен еліміздің әр жерінде жемісті еңбек етіп жүр. Балықбай қажы ағамның немерелері арасынан басқасын айтпағанда, Қамшыбектің әрбір жеңісін теледидардан тамашалап, Кетбұқа, Бөгембай, Қабанбай, Бауыржан Момышұлы, Аталық, Құтан, Құттымбет және басқа бабаларымыздың рухы қолдап, жеңіс туларын желбірете беруіне құдіретті Алла тағаланың мақұлдауын тілегім кеп тұрады. Өйткені Балықбай ағамен Жезқазғанда жиі кездестім. Ол кісі отырған үйіне сәлем беруге тездетіп бармасаңыз, кезігу қиын, бір жерге көп тұрақтамайды. Бірде сәлемдесуге барғанымда, дастархан төріндегі ол топ адамның ішінде орнынан шапшаң тұрып, менімен құшақтаса амандасты. Мен ұялғаннан: «Аға, тұрмай-ақ қойыңыз, өзім сізге жақындап амандасамын» десем: «... Ой бокмұрын, былшылдама, мен саған сәлем беріп жатқан жоқпын, сенің әкең – ағам Жәлелге сәлем бердім. Жәлел ағамыз халықтың ағасы болды емес пе?» дейді.

Сондай-ақ, Балықбай аға қандай ортада отырса да: «Қиындықты жең, ризық-несібеңді тер», «Дананы да, батырды да, Абайды да, Шоқанды да, Бөгенбайды да, Қабанбайды да, Бабыр, Кәдір, Сандыбай, Шегірді де дүниеге келтірген аналар, сондықтан аналарды сыйлаңдар» деп ұлағатты ойларымен түйіндейтін еді.

Балықбай Қоңқабайұлы жастық жалынын Ұлы Отан соғысының сызды окоптарында өткізіп, бейбіт күнде ішкі істер саласында қызмет етті. Өзі милиция майоры. Әлденеше рет облыстық басылымдарда Балықбай туралы материалдар шықты.

Әсіресе «Кызылординские вести» (22 науырыз 2000 ж) газетіндегі «Наурыз Ата» атты мақалада оның Аяз Ата болып, мектептер мен қоғамдық орындардағы Жаңа жыл шыршаларында үлгі болғандығы майданда да, еңбекте де, зейнеткерлікте де, жастарға өнеге көрсеткен тынымсыз жан болғанын айғақтайды.

Балықбай қажыны ақтық сапарға шығару рәсіміне Жезқазғаннан көп адам бардық. Ал Қазақстанның әр өңірінен келгендерде есеп жоқ. Қызылорда халқы жаназада түгел болды. Өмірдің қилы-қилы ірімдерін дұрыс пайымдай білетін Балықбай аға сияқты қариялардың еліміздің әр өңірінде көп болып, ұрпақтарымызға дұрыс бағдар беруі – ел егемендігін нығайту шарттарының бірі әрі рушылдық пен жерлестікке жол бермейтін сара жол деп ұғыну керек. Балықбай ағамды жүз жасқа толуымен есіме алғанымда Токио олимпиадасына іріктелген спортшыларды ҚР Президиенті Қасым-Жомарт Тоқаевтің салтанатты қабылдауында Қамшыбек Бейсембайұлы Балықбай немересі Қоңқабаевқа еліміздің көк байрағының сеніммен тапсырылуы оқиғаның тарихтан басталып, жаңаша тарихпен жалғасу мысалы екенін жүрегіммен сезініп:

«Көк байрақтың мысы бассын, қарсыластардың сағы сынсын, алтындармен елге оралсын, Жаратушы құдырет, Қамшыбекке тілегімді ет» деп, Қыдыр бабамнан тілеген едім. Алайда, биылғы психологиялық факторлардың әсерінен бе, «Алтын» медальдің бұйырмауы, өкініштілеу болғанымен, келешектегі жарыстарда ұлы жеңістерге жете беруі үшін, Қамшыбектің «Қола медалі» тек өз басына емес: спорттағы ұстаздары мен бапкерлеріне, ұлтымызға, халқымызға Токиодан әкелген «тарихи тартуы» деп түсінелік.

Өміртай ЖӘЛЕЛҰЛЫ,
Қазақ педагогика ғылым академиясының корреспондент мүшесі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, Жезқазған қаласының құрметті азаматы

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының 2021 жылғы 3 тамыздағы №82-НҚ бұйрығына сәйкес жылу энергиясын өндіру, беру және бөлу қызметіне уақытша өтемдік тариф 2021 жылдың 1 қыркүйегінен бастап бекітілді:

Жылу энергиясын өндіру қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2689,16 теңге;

Жылу энергиясын беру және тарату қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 1873,23 теңге;

Жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне 1 Гкал ҚҚС-сыз – 129,31 теңге;

Яғни, 1 Гкал жылуға орташа босату тарифі ҚҚС-сыз – 4691,70 теңге, оның ішінде:

Халыққа 1 Гкал – 2164,80 теңге ҚҚС-сыз,

Бюджеттік мекемелерге 1 Гкал – 15101,38 теңге ҚҚС-сыз,

Басқа тұтынушыларға 1 Гкал – 3091,73 теңге ҚҚС-сыз,

Ыстық сумен жабдықтауға жылу энергиясымен жабдықтау – 2164,80 теңге.

Тұрғын үйлердің 1 шаршы метрін жылытуға жұмсалатын жылу бағасы ҚҚС-н қоса алғанда 69,83 теңге.

Ыстық суды жабдықтауға жеке есептеу аспаптары жоқ тұрмыстық тұтынушылар үшін 1 адамға 1 айға – 346,37 теңге ҚҚС-сыз;

Ыстық сумен жабдықтауға жеке есептеу аспаптары бар тұтынушылар үшін 1 текше метрге – 124,48 теңге ҚҚС-сыз.

«ҚЖЭО» МКК-ның жылу энергиясының есептеу құралдары болуына немесе болмауына қарай жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне уақытша өтемдік сараланған тарифтері төмендегідей:

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұрғындар үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 1355,25 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұрғындар үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2597,76 теңге, тұрғын үйлердің 1 шаршы метрін жылытуға жұмсалатын жылу бағасы ҚҚС-н қоса алғанда 83,79 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнату техникалық мүмкіндігі жоқ тозған, авариялық тұрғын үй-жайында, бірақ типтегі үйлерде тұратын және орналасқан тұрғындар үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2164,80 теңге, тұрғын үйлердің 1 шаршы метрін жылытуға жұмсалатын жылу бағасы ҚҚС-н қоса алғанда 69,83 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар өзге де тұтынушылар үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 2262,03 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ өзге де тұтынушылар үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 4019,25 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар бюджеттік мекемелер үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 14056,10 теңге;

Үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ бюджеттік мекемелер үшін 1 Гкал ҚҚС-сыз – 22652,07 теңге.

Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы

Дүние дүрмек

Вашингтон Кабулдан өз азаматтарын эвакуациялауды тездетті

АҚШ президенті өз азаматтарын Ауғанстан астанасынан эвакуациялау жылдамдатылғаны туралы мәлімдеп, сондай-ақ Ауғанстандағы Ислам мемлекеті тарапынан қатер төніп тұрғанын ескертті деп хабарлайды ҚазАқпарат ВВС-ге сілтеме жасап.

Жұма күні Ақ үйде өткен брифинг кезінде АҚШ президенті Джо Байден «Талибан» қозғалысы өз бақылауына алған Ауғанстаннан американдық және ауған азаматтарын шығаруға уәде берді. Бұдан басқа, ол сақталып отырған қауіп-қатер, соның ішінде Хорасан провинциясында «ИМ» террористік тобы тарапынан шабуыл қаупі бар екенін ескертті. Байденнің айтуынша, соңғы аптада АҚШ Кабул әуежайынан 28 мыңға жуық адамды эвакуациялады. Оған қарамастан, эвакуацияның 31 тамызға белгіленген соңғы мерзімін ұзарту талап етілуде. Бұдан басқа, американдық әскерилердің Кабул әуежайында қауіпсіз аймақ периметрін кеңейткені атап өтілуде.

АҚШ президенті АҚШ Мемлекеттік департаментіне Ауғанстанда қалып қойған американдықтармен телефон, электрондық пошта және басқа жолдар арқылы байланысқа шығуын тапсырғанын және Вашингтонның оларды әуежайға өткізу жоспары бар екенін атап өтті.

Осы арада, жексенбіде АҚШ Қорғаныс министрлігі Ауғанстанға көмек көрсету үшін қорда тұрған азаматтық әуе флотын жұмылдырғаны туралы мәлімдеді. Бұл бағдарламаға сәйкес, түрлі американдық әуе желілерінің 18 коммерциялық ұшағы эвакуацияланғандарды Ауғанстан сыртындағы үшінші елдердегі қауіпсіз жерге тасымалдау үшін пайдаланылады. Бұл бағдарлама соңғы рет 2003 жылы АҚШ-тың Ирак еліне басып кірген уақытында және Парсы шығанағында 1990-1991 жылдары болған соғыс кезінде қолданылған.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 26158 | Тапсырыс №1222 | Кезекші редактор **Айдана ЖҰМАДИНОВА**